№8 (558) 15 қыркүйек 2022 жыл

# Zaңғar

2004 жылдың наурыз айынан шығады

ZHANGIR KHAN UNIVERSITY

ПРИЯТНАЯ НОВОСТЬ

## Новый учебный год с чистого листа

**Первого сентября стартовал новый учебный год для студентов Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана. Хотелось бы отметить, что нынешний учебный год является юбилейным годом для университета Жангир хана, которому исполняется 60 лет.**

Университет Жангир хана имеет богатую историю, что помогает каждый год совершенствовать навыки обучения студентов. В прошлом учебном году в университете Жангир хана прошли обучение более 4 тысяч студентов. В этом году около 1200 студентов были зачислены на 1 курс.

В честь «Дня знаний» было организовано молодежное мероприятие «WELCOME DAY». В рамках мероприятия были проведены ознакомительные работы с клубами организации студенческого самоуправления, со структурами студенческого деканата и студенческого дома.

Следом состоялась концертная программа. Хоть и университет является аграрно-техническим университетом, в стенах его обучаются много талантливой и одаренной молодежи. В дополнение ко всему были проведены игры и караоке батл, где первокурсники смогли показать свои вокальные способности, а в завершении вечера запустили салюты.

Поздравляем всех студентов с началом нового учебного года и желаем удачи!





**Алихан ИЗМУХАН,**
**студент 1-курса:**

– Я из города Уральск. В этом году я поступил на грант по специальности «Строительная инженерия» в университет Жангир хана, который является передовым вузом в сфере образования. Есть несколько причин, почему я выбрал именно эту профессию: во-первых, эта профессия очень интересная и актуальная, во-вторых, мне самому нравится строить что-либо, чертить схемы, и в третьих, самое главное, что повлияло на мой выбор, это мой отец, который работает в строительной индустрии много лет. Я верю, что стану хорошим специалистом, что от университета останутся лишь теплые и хорошие воспоминания.



**Азат АХАТОВ,**
**студент 1-курса:**

Я родился в Уральске. Я являюсь студентом 1-курса Политехнического института по специальности «Электроснабжение». Закончил областную специализированную школу-интернат для одаренных детей №11 имени С.Сейфуллина. Я выбрал ЗКАТУ из-за его богатой истории, к тому же университет является одним из лучших технических университетов страны. Я выбрал эту профессию, чтобы пойти по стопам моего брата и открыть собственное дело. С 6 до 13 лет я занимался шахматами, имею подтверждённый II разряд, который получил за победу в городском соревновании. После этого стал чемпионом в ЗКО в своей возрастной категории. В будущем хочу выступать от имени института и вуза.



**Ақжан ҚОЖАБАЙ,**
**1-курс студенті:**

– Мен Қызылорда облысы Жалағаш ауданынан келдім. Қазір Жәңгір хан университетінің студентімін. Таңдаған мамандығым – ветеринария, себебі жануарларды ұнатамын және олардың әлемін зерттегім келеді. Өзім би өнеріне жақынмын. Алдағы студенттік жылдарым қызықта әрі шытырман оқиғаларға толы болады деп үміттенемін.





**Мейрамбек АСЫЛХАН,**
**1-курс студенті:**

– Мен Ақтөбе облысы Темір ауданынан келдім. Мен оқуға түсерде өзіме ұнайтын ветеринария мамандығын таңдадым. Болашақта бұл саланың білімді, әрі алғыр маманы болу үшін оқуға бар күш-жігеріммен кірісемін.

**Материал подготовила**
**Дина ЖАНГАЛИЕВА**

# Поездка команды проекта Erasmus+ ACeSYRI в Лоррейн Университет

ACeSYRI

**В 2019 году Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана в составе консорциума казахстанских и европейских вузов выиграл три международных гранта, финансируемых программой Erasmus+ Европейского Союза.**

Erasmus+ - это программа Европейского союза, которая направлена на содействие модернизации и устойчивому развитию системы образования, профессионального обучения, молодежной политики и спорта. Одним из трех выигранных университетом проектов является проект ACeSYRI «Передовой центр для докторантов и молодых исследователей в области информатики». Проект выполняется в составе консорциума, в который входят три европейских университета (Жилинский университет из Словакии, Лодзинский университет из Польши и Университет Лотарингии из Франции), 7 казахстанских университетов (Назарбаев Университет, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатбаева, Алматинский университет энергетики и связи, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Северо-Казахстанский государственный университет имени М.Козыбаева, Университет Сулеймана Демиреля и Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана. Наряду с вузами в проекте участвуют и ассоциированные партнеры в лице Центра Болонского процесса и академической мобильности Министерства образования и науки Республики Казахстан и Союза юридических лиц «Казахстанская ассоциация информационной безопасности». Проект ACeSYRY реализуется с января 2020 года по координаторством Жилинского университета (Словакия).

Проект реализуется с целью развития сотрудничества между молодыми исследователями, преподавателями Казахстана и странами Европейского союза; обеспечения инновационной инфраструктуры для международного сотрудничества молодых исследователей и преподавателей казахстанских и европейских университетов; разработки электронной платформы для молодых ученых, чтобы они могли найти консультантов в областях, связанных с их исследовательскими об-



ластями за пределами Казахстана и привлечь их к международным проектам.

Основная цель проекта заключается в создании портала ACeSYRI, на котором молодые исследователи получат доступ к базе данных по информационным технологиям, доступ к научным публикациям, возможность получить консультации успешных европейских и казахстанских ученых в области IT. Также на портале ACeSYRI будут сосредоточены научные работы молодых исследователей, задействованных в реализации проекта. Наряду с вышесказанной целью участие в проекте позволяет казахстанским вузам улучшить свою материально-техническую базу путем создания специализированных аудиторий по проекту. Так, за счет средств проекта университетом было закуплено оборудование для оснащения специализированной аудитории проекта ACeSYRI (аудитория 115 корпуса 2).

Преподаватели, задействованные в реализации проекта Erasmus+ ACeSYRI в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана получили возможность пройти в онлайн тренингах по методам исследования в ИТ, машинному обучению, которые были организованы казахстанскими вузами-партнерами и в научных конференциях и семинарах, организованных как казахстанскими, так и европейскими партнерами.

В целях налаживания партнерских отношений члены рабочей группы проекта Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир в период с 11 по 14 июля текущего года посетили Лоррейн Университет (Франция), являющийся одним из европейских партнеров-членов консорциума по проекту ACeSYRI. Члены рабочей группы

Funded by the Erasmus+ Programme of the European Union

в составе директора Центра цифрового развития Камаловой Г.А., преподавателя Высшей школы информационных технологий Гумаровой А.А. и администратора проекта, офицера по качеству проекта ACeSYRI Султановой З.Х. провели ряд мероприятий, согласованных с координатором проекта ACeSYRI в Лоррейн Университете.

В частности, были проведены рабочие встречи с координатором проекта ACeSYRI в Лоррейн Университете, ассоциированным профессором Николаем Бринзеи, с директором Центра исследований автоматизированного контроля, профессором Жан-Франсуа Петин, осуществлено ознакомление с лабораториями Центра. Сделана общекомандная презентация о ЗКАТУ имени Жангир хана, администратором проекта, кандидатом экономических наук Султановой Замзагуль прочитана лекция «Цифровые тренды в экономике Республики Казахстан», директором Центра цифрового развития Камаловой Г.А. сделана презентация по использованию информационных технологий в образовательном процессе Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, преподавателем Высшей школы информационных технологий Гумаровой А.А. осуществлена презентация по тематике осуществляемой научной работы. В ходе визита члены рабочей группы обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества и планируемой осенью текущего года организации Осенней школы молодых исследователей на базе ЗКАТУ имени Жангир хана в рамках проекта ACeSYRI.

**Замзагуль СУЛТАНОВА**
**администратор проекта ACeSYRI в ЗКАТУ имени Жангир хана, офицер по качеству проекта ACeSYRI, доцент ВШ «Экономика и аудит»**

# Зейініңізді басқарып үйреніңіз

**Жаңа оқу жылы басталды. Енді барлық зейініңізді сабаққа аударғаныңыз жөн. Біз сіздерге зейінді басқара білуге арналған кеңестер ұсынамыз.**



***Көбінесе біздің зейінімізді бөлетін нәрсе – әлеуметтік желілер. Олар сабақ кезінде біздің ойымызды бөлетіні жасырын емес. Сондықтан сабақ барысында телефонның мобильді интернетін өшіріп қойған дұрыс. Егер әр уақытта байланыста болу керек болса, әлеуметтік желіге үзіліс кезінде кіріңіз.***

***«Интернетте біреуге былай жауап беру керек еді» деген ойлар басыңыздан кетпей ме? Бұл алаңдататын күшті факторға жатады. Ол үшін жауабыңызды қағазға жазып қойыңыз. Ғалымдардың айтуынша, бұл әдіс мазасыз ойлардан құтылуға көмектеседі.***






***Ойыңызды бөлетін дүниелердің бірі – күйзеліс. Ол ауыртпалық сезімін, бас ауруын және жүрек соғысының жиілеуін туындатады. Мұның шешімі – медитация жасау. Ол күйзелісті жоюға көмектеседі.***

***Бірнеше тапсырманы қатар орындау да көп уақыт алатыны жасырын емес. Сондықтан тапсырманы немесе жобаны кезекпен,***



***тиянақты түрде орындаңыз. Ал көп мәселені қатар шешу қабілетіңізді басқа жағдайға қалдырыңыз.***



***Жастардың зейінін нашарлататын тағы бір нәрсе – ұйқының жетіспеуі. Өйткені ересек адамға 7-9 сағаттық ұйқы қажет, әйтпесе, зейін проблемасынан қашып құтыла алмайсыз. Сол себепті толыққанды ұйықтауды қолға алыңыз.***

**Материал ғаламтордан алынды**

# «Болашақпен» батыл қадам жасаған ғалым

***Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жас ғалымы Ербол Ербаев жуырда Белоруссия елінен оралды. «Болашақ» халықаралық стипендиясының «Тағылымдама» бағдарламасы бойынша грант ұтып алған ғалым өз тәжірибесін толықтырып қайтты.***



Индустриалды-технологиялық институты доцентінің міндетін атқарушы, PhD доктары Ербол Ербаев Белоруссия мемлекеттік аграрлық-техникалық университетінде «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 6 ай тағылымдамадан өтті. Тағылымдама тақырыбы – «Тұтынушыларды автономды электр қондырғысынан электрмен жабдықтау үшін басқару жүйесін әзірлеу». Яғни, отандық аграрлық салаға қажет дүние. Тағылымдама мерзімі – ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларының аралығы. «Белоруссия мемлекеттік аграрлық-техникалық университетінің» агроөнеркәсіптік кешен кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында білімдерін жетілдірген бір топ ғалым тұтынушыларды автономды электр қондырғысынан электрмен жабдықтау үшін басқару жүйесін әзірлеу әдіс-тәсілдерін меңгерді. Сондай-ақ дизельдік энергетикалық станциялар мен жел энергетикалық қондырғыларды пайдаланатын біріктірілген автономды электрмен жабдықтау жүйелерінің энергетикалық және пайдалану сипаттамаларын жаңа техникалық шешімдерді әзірлеу, күштік жабдықтың және басқару жүйесінің жұмыс режимдерін ұтымды ұйымдастыру есебінен жақсарту дағдыларын игерді.




–Өзгеэріптестеріммен бірге түрлі кездесулерге, дөңгелек үстелдерге, дәрістер мен талқылауларға қатыстық. Белоруссиядағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен ғылыми орталықтарда болдық. Белоруссия университетінің оқу-материалдық базасымен, ғылыми және оқу әдебиеттері залымен, Беларусь мемлекетінің Ұлттық кітапханасымен, республикалық патенттік кітапханасының қорларымен таныстық, – деді Ербол Төлегенұлы.

Мысалы, «Мал шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары», «Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясында сүтті мал шаруашылығын дамытудың жаңа бағыттары: тәжірибе, мәселелер, мүмкіндіктер», «Сүтті мал шаруашылығын қарқындату жағдайындағы жем-шөп өндірісінің өзекті мәселелері», «Ауылдық жерлерді дамыту мен агроөнеркәсіптік кешендегі кадрлармен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері мен мүмкіндіктері», «Агроөнеркәсіптік кешендердің тиімді жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайларын қалыптастыру» сынды халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысып, қатысушы ретінде сертификаттар иеленген. Бұл жиындарда Ербол Төлегенұлы баяндамалар оқып, Қазақстанда жоғары сапалы тұқым алу мүмкіндігі, ҚР-дағы энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу жолдары, сусымалы материалдарды кептіруге арналған конвейерлік үлгідегі қондырғы орнату мәселелерін қозғады.








– Белоруссия университеті ғалымдарының және Беларусь Ұлттық Ғылым академиясының агроқалашықтарды және шалғайдағы энергия тұтынушыларды жергілікті энергиямен қамтамасыз ету саласындағы зерттеу орталықтарының ғылыми және техникалық әзірлемелерін зерделеу нәтижесінде біз оларға талдамалық шолу жасадық. Сондай-ақ электр шаруашылығын пайдалану тиімділігін арттыру және инновациялық технологияларды енгізу бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын әзірлеу; кәсіпорындар мен агроқалашықтарды электрмен жабдықтаудың жаңа тиімді шешімдерін құру және енгізу; дәстүрлі емес энергия тасымалдағыштарды пайдалану бойынша батыстың озық технологиялары мен жабдықтарын зерттеу; автономды қондырғыдан тұтынушыларды электрмен жабдықтауды басқару жүйесін әзірлеу; энергиямен жабдықтаудың дербес жүйелері жабдықтарының техникалық жай-күйі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз ету бойынша бірқатар іс-шараларды дайындауға атсалыстық.

Энергетика – адамзат қоғамының даму негізі екені сөзсіз. Энергетикалық ресурстар өндіріске, ауыл шаруашылығына, көлікке, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, ақпараттық технология мен телекоммуникацияның қарқынды дамыған секторларына және басқа да салаларға аса қажет. Экономикалық өсу еңбек өнімділігінің ұлғаюымен тікелей байланысты болса, еңбек өнімділігінің ұлғаюы өндірісте жаңа технологияларды пайдалану есебінен жүзеге асырылады. Ал бұл жұмысты энергетика қамтамасыз етеді. Энергетика кез келген елдің стратегиялық маңызды секторы әрі экономиканың іргетасы саналады. Белоруссия меншікті энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілмеген. Бұл мемлекет энергия тасымалдаушылардың сыртқы жеткізілімдеріне тәуелді. Сондықтан белорустар үшін әлемдік энергетикалық трендтерді қадағалап отыру және оның экономикаға әсерін талдап отыру маңызды, – деді жас ғалым.

Берері мол бұл тағылымдамадан елге үлкен әсермен оралған ғалым-ұстаз кезекті еңбек демалысына барып келіп, жаңа оқу жылының қарбалас жұмысына кірісіп те кетті. Шет елден оқып-үйреніп келген білімін отандық ғылымды дамытуға жұмсамақ.

**Ләззат ҚАЖЫМОВА**

# УНИВЕРСИТЕТ – СЕНІҢ ӨЗ ҮЙІҢ!

**Құрметті 1-курс студенті! Ең алдымен сені іргелі білім ордасы – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенті атануыңмен құттықтаймыз! Бұл білім ордасы – аграрлық сала бойынша елімізде көш бастап тұрған жоғары оқу орындарының бірі. Жәңгір хан университеті саған тек сапалы білім ғана емес, сонымен қатар, белсенді студенттік өмір, шынайы достар, ұмытылмас сәттер сыйлайтынына күмәнің болмасын.**

**Егер сен 1-курс студенті болсаң, университетімізбен жақынырақ танысуға шақырамыз. Төмендегі ақпараттар сендерге арналады.**

**Асхат ӨКШЕБАЕВ, «Жастар бастамасын дамыту орталығының» директоры:**

– «Жастар бастамасын дамыту орталығы» жанынан құрылған Жастар ісі жөніндегі комитет – студент жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және өздерінің азаматтық позициясын қалыптастыруға көмектеседі. Біздің университетіміз аграрлық-техникалық бағытта болғанына қарамастан, студенттеріміз мәдени-шығармашылық жұмыстарға өте бейім. Жастар ісі жөніндегі комитеттегі клубтар жүйесіне бөлу – олардың қызығушылығына қарай бағытталады.

«Ерке-Нұр» ұлттық би ансамблі және «Winners» заманауи би тобы – биші жастардың басын біріктіріп, талай сайыстарда топ жарып жүр. Бұрын университетімізде «Жәңгір серілері» атты жайдарман тобы болса, қазір олардың ізін қуған «Европолис» жайдарман құрамасы көрермен көзайымына айналды. Ұлттық күй мен заманауи әуездерді музыкалық аспаптарда асқан шеберлікпен орындайтын «Нарын сазы» фольклорлық ансамблі де өз тыңдармандарын таң қалдырып келеді. Сонымен қатар, ән айту шеберлігіне, көркемсөз өнеріне дайындайтын орталықтар бар. Ал, «Рух» пікірсайыс орталығы облыстық, республикалық дебат турнирлерінен жүлделі оралып, университетімізде де бірқатар турнирлер ұйымдастырумен айналысып жүр. «Жәңгір хан ұрпақтары» волонтерлік қозғалысының еріктілері де қалалық іс-шараларда белсенділік танытып келеді. Оған қоса, университетімізде қыздар тәрбиесіне мән беретін «Фатима» қыздар клубы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған «Достық» ұйымы белсенді жұмыс жасауда.

Қазіргі таңда университетімізде 827 студент ресми түрде белсенді болып тіркелген.

Белсенді студенттік өмірдің ең үлкен артықшылығы – университет қабырғасында белсенділік танытқан білім алушыларға «Ғылыми кеңестің» шешімімен жоғары білім туралы дипломмен бірге қосымша біліктілік беру ұйғарымы шығарылды. Бұл құжат өзін әр салада белсенді көрсеткен жастың сол сала бойынша менеджер екендігін растайды. Сертификаттың арқасында жұмысқа орналасқан студенттеріміз де бар. Сондықтан биыл оқуға түскен студенттерімізге белсенді болып, уақыттарыңызды тиімді әрі пайдалы өткізіңіздер деп кеңес беремін.



**Руслан ҚУАНОВ, «Сұңқар» спорт клубы директорының м.а.:**

– Жәңгір хан университетінің спортшы студенттері оқу ордасының, еліміздің намысын талай байрақты бәсекелерде қорғап келеді. Бұл жетістіктердің барлығы – білім ордамызда спортқа аса мән беріліп, жаттығу алаңдарының жеткілікті болуының арқасында.

1-курс студенттері дене шынықтыру пәнінде өздерінің қалаулары бойынша спорт түрін таңдауларына мүмкіндік бар. Оған қоса, түрлі спорттық үйірмелер сағат 17.00-ден бастап арнайы кесте бойынша жұмыс жасайды. Атап айтқанда, волейбол, футбол, баскетбол, күрес түрлері, үстел теннисі, спорттық бағдарлау, гір тасы, қол күресі сияқты үйірмелерге қатысып, фитнес залында студенттер тегін жаттыға алады. Ол үшін «Жәңгір хан» спорт кешенінің әкімшілік бөліміне келіп жазылу қажет.

**Динара ТАЖЕНОВА, Жәңгір хан атындағы музей экскурсоводы:**

– Қазіргі таңда Жәңгір хан университетінің жанынан облыстық этнографиялық-тарихи музейінің филиалы жұмыс жасап тұр. Музейге кіру ақылы. Кіру прайсы әр түрлі белгіленген санаттарға байланысты бөлінеді. Мысалы, студенттерге 150 теңге, ал топтық экскурсия 400 теңгеден басталады.

Музейде үш зал бар. Біріншісі, этнографиялық зал. Бұл жерде келушілерге халқымыздың әлемдік өркениетке үлес қосқан бай мұралары туралы мәліметтер береміз және көркем экспонаттарды тамашалауға мүмкіндік бар.

Екінші залда Жәңгір ханның әлемдік саясатқа және елге қосқан үлесі, елімізде жүргізген реформаторлық саясат және басқа да бай мұрағаттар туралы мәлімет алуға болады. Сонымен қатар хан Жәңгірдің қолданған жеке заттарын, отбасылық суреттерін тамашалауға болады.

Ал үшінші зал университет тарихы туралы сыр шертеді. Бұл залда 1963 жылы білім ордасы құрылғаннан бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері, оқу орнында еңбек атқарған ұлағатты жандардың есімдері, университетке келген ұлы тұлғалар, олармен өткізілген кездесулер және Тұңғыш Президенттің университетке келіп тоқтағандығы жөнінде мәлімет береміз.

**Айгүл ЕСЕНАМАНОВА, «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының директоры:**

– Біздің орталықта оқу әдебиеттері абонементі, көркем әдебиеттер абонементі, коворкинг орталығы, оқу залы, электрондық кітапхана сынды бөлімдер білім алушыларымызға қызмет көрсетуге дайын. Білімнің барлық саласы бойынша кітаптар – студенттерге қолжетімді. Бірінші курс студенттері оқу әдебиеттері абонементінде топтық жазылумен оқу жылының әр семестрінде оқитын пәндеріне оқу әдебиеттерін ала алады.

Көркем әдебиеттер абонементінен рухани дүниеңізді байытатын қазақ жазушыларының, әлем классиктерінің шығармаларын және т.б. өзіңізге ұнайтын кітаптарды алып оқи аласыз.

«Парасат» орталығының екінші қабатындағы Коворкинг орталығында әртүрлі іс-шаралар, атап айтқанда, шеберлік сабақтары, әдеби кештер, тренингтер ұйымдастырылып, жеке және бірлесіп жұмыс істеуге бөлінген аймақтар бар. Ал үшінші қабатта орналасқан оқу залының сақтау қорында университет профиліне сәйкес жинақталған 250 мыңнан астам кітап бар. Ауыл шаруашылығы, ветеринария, менеджмент және маркетинг, техника, гуманитарлық бағыттағы оқулықтар мен мерзімді басылымдарды ашық қолжетімділікте пайдалануға болады.

ИРБИС 64 «Оқырман» модулінің көмегімен оқырмандар электронды каталог пен мәліметтер базасын қолдана алады. Әлеуметтік желілерге және интернет желісіне қосылу үшін Wi-Fi тегін жұмыс жасап тұр.

https://library.wkau.kz сайтында электронды ресурстармен репозиториймен, электрондық кітапханамен, web-кабинетпен жұмыс істеп, біз жазылатын республикалық ЖОО аралық электронды кітапхананы, «Лань» ЭКЖ, Library.ru, Polpred толықмәтінді деректер базасын пайдалануға мүмкіндік бар.

Электрондық каталог арқылы кітап қорындағы барлық әдебиетпен танысуға болады.

Электрондық кітапхана залында компьютерлермен тегін жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған. Біз сізге электронды кітаптарды тауып, оларды электрондық пошта арқылы да жібереміз. Оған қоса, тапсырыстарыңызды электрондық пошта (library@wkau.kz) арқылы беруге болатынын естеріңізге саламыз.

Кітапхананың әлеуметтік желідегі парақшаларына жазылып, бірінші болып жаңалықтардан хабардар болыңыз.

Білім кітап оқудан басталады. Біз сіздерді күтеміз!

**Научная Библиотека ЗКАТУ**

**zkatu.library**

**Ақпараттық Білім Беру Орталығы**

**Бетті дайындаған Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ**

Меншік иесі:
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Дина ЖАНГАЛИЕВА

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында терiлiп, беттелiп, Жарнама-баспа орталығында басылады.
Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 558
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:
090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru